

**Колутон ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 1 маусымдағы № 2 "Колутон ауылындағы көшелер атауларын қайта атау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Ақмола облысы Астрахан ауданы Колутон ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 27 наурыздағы № 1 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 2 мамырда № 5922 болып тіркелді

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына сәйкес, Колутон ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Колутон ауылдық округі әкімінің "Колутон ауылындағы көшелер атауларын қайта атау туралы" 2009 жылғы 1 маусымдағы № 2 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-6-101 болып тіркелген, 2009 жылғы 9 шілдеде "Маяк" аудандық газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

шешімнің кіріспесі келесі редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына сәйкес, 2008 жылдың 3 маусымдағы Колутон ауылы азаматтары жиынының № 5 хаттамасын ескере отырып, Колутон ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**".

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Колутон ауылдық округінің әкімі*

*Т.Мухамеджанов*